

ҰЛТ ҰСТАЗЫН ҰЛЫҚТАУ

Арайлым ҚҰЛТАЕВА,
ҚМУ ГӘФ журналистика
мамандығының 1 курс студенті

Өткен ғасырдың басындағы қазақтың жаңа заманға лайықты дамуы мен тәуелсіздігі үшін ағарту жолында «Оян, қазақ!» деп атқа қонған Алаш ардақтыларының ішінде азаматтығымен, адалдығымен, ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігімен ерекшеленген тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы болған. Ол «Ұлт ұстазы» атанып, қазақ қоғамы мен мәдениетінің ілгерілей дамуына орасан зор үлес қосқан көсемдеріміздің бірі де бірегейі еді.

Ақын, публицист, педагог, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туылған күні туралы әлі күнге дейін нақты пікір қалыптаспаған. Көптеген деректерде 1873 жылдың 5 қыркүйегінде туған десе, енді бір ақпарат көздерінде 28 қаңтарда дүниеге келген деп жазады. Туылған күні 28 қаңтар деген мәліметті негізге ала отырып, айтулы күннің құрметіне орай оқу ордамызда ақын-жазушылардың бас қосуымен дөңгелек үстел мәжілісі өткізілді. Бұл шараға қатысушылар Ахмет Байтұрсынұлының ескерткішінің алдына жыл сайынғы үрдіспен арнайы гүл шоқтарын қойып, рухына тағзым етті. Дәстүрлі іс-шара осылай бастау тапты. Мәжілісте алаш қайраткерінің өмірі, азаматтық болмысы мен шығармашылығы жайында әңгіме өрбіді.

«Ахмет Байтұрсынұлы – поэзиядағы публицистиканы қалыптастырушы. Ол публицистиканы «көсемсөз» деп аударғанын» таны-

мал ақын Ақылбек Қожаұлы тілге тиек етті. Философия кафедрасының профессоры Қалқаман Жақып Ахаңның әлеуметтік мәселелерге қатысты көзқарасына тоқталды. А.Байтұрсынұлының шығармашылығы туралы 1992-2010 жылға дейін 21 дис-



сертация, ал қоғам қайраткерлігі туралы 25 кандидаттық диссертация қорғалғанын айтты.

«Ахаңның әкесі Байтұрсын «Ұлтыңа жаның ашыса оқы» деп өсиет қалдырған. Ахмет Байтұрсынұлы сол өсиетті орындады», - деп ой толғады Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенова.

Сонымен қатар студенттеріміз өлең жолдарын оқып, күмбірлетіп күй де шертті. Ұлт ұстазын ұлықтау мақсатында өткізілген бұл бас қосудан алған үлгі-өнегіміз бең-

сезіміміз айрықша. Сөзбен жеткізу мүмкін емес!

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көл жоқ, көгалы жоқ - қорға шықтым.

Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілің көгертуге құл халықтың.

А. Байтұрсынұлының осы өлең жолдары оның бүкіл өмірінің эпиграфы іспеттес. Оның бүкіл еңбегінің мәнін бір ауыз сөзге сыйғызып айтар болсақ, ол бас әріппен жазылған ҰСТАЗ, ХАЛЫҚ ҰСТАЗЫ.



Серік Ыдырысов:

«Мен абыройды қағаз арқылы жинағаннан гөрі, халықтан жинағанды артық көремін»

Арайлым ҚАБИМОЛДАҚЫЗЫ,
ҚМУ ГӘФ журналистика
мамандығының
1 курс студенті

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің педагогы, ақын ғалым Серік Ыдырысов

бір жауапқа қанық болдық: «Мен абыройды қағаз (кітап) арқылы жинағаннан гөрі, халықтан жинағанды артық көремін». Бұдан кейін не сұрайсыз?! Сөздің майын тамызатын бұл кісінің аузынан шыққан әрбір сөзі әсерлі ғой, шіркін. Жаныңды жадыра-



атындағы ҚМУ-дың журналистика мамандығының 1-ші және 2-ші курс студенттерімен кездесті. Студенттермен емін-еркін өткізілген бұл бас қосу, ешқашан естен кетпесі анық. Себебі, Серік Ыдырысов бәрімізге тәлім-тәрбиемен қоса, керемет сөздерімен рухани азық, мол байлық бере білді. Сонымен қатар, әдемі әңгімелері мен бастан кешкен қызық оқиғаларын тілге тиек етті. Студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға мұлткіз жауап берді. Оған дәлел мына бір сұрақтың жауабы болсын: «Жастардың бойынан қандай кемшіліктерді көп көресіз? – Мен жастардың бойынан кемшілік көрмеймін. Себебі, заманына сай адамы деген. Жастарды жамандыққа қимаймын, кінәламаймын. Бәрі де ата-ананың берген тәрбиесіне байланысты. Адам ең алдымен өзіне қарауы керек. Мен қандаймын? Менің бойымда қандай кемшілігім бар деп ойлауы керек деп есептеймін». Иә, сөз тапқанға қолға жоқ.

Бұл кісінің ерекшелігі, жарыққа шыққан ешбір еңбегінің жоқтығы. Себебін сұрағанымызда, керемет

тып, жүрегіңді елжіретіп жібереді. Тыңдай бергің келеді, тыңдай бергің...

Сөз соңында ақын ыстық ықыласы мен ізгі лебізін керемет батамен білдірді:

Байтұрсынұлы Ахмет, Сырдан келген ақын еді. Жолықтырған сіздерге, Ақылбек пен Нағашыбай Ағамызға рахмет!

Мынау тұрған қыздардың, Бойына Алла нақыл ек. Мынау тұрған ұлдардың, Бойына Алла ақыл ек. Шеттерінен барлығың, Әлемге мәлім батыр ет. Осы айтылған тілекті, Әр уақытта қабыл ет. Барлығыңа балаларым,

Тыңдағаның үшін рахмет! Тура жолды дөріптеп, адалдықты бойтұмар еткен Серік Ыдырысовтың қайталанбас жан екеніне куә болдық. Сөз саптаманы ұстамдылығы үлгі боларлық. Басынан өткерген қызық оқиғалары да айрықша. Домбыраны күмбірлетіп әуелетіп ән салатын қыры тағы бар. «Жақсы екен» атты авторлық термесін шырқап бергені осы сөзіме дәлел болар. Міне, сегіз қырлы, бір сырлы ел азаматының тағылымы мол тәрбиесіне дәл осылай сусындадық.

13 ақпан – Дүниежүзілік радио күні

Әзірлеген:
Гүлнұр САДУАҚАСОВА

Әлемде сазды әуенмен сан мың ақпарат тарататын толқын көп болғанымен мерекенің атап өтіле бастағанына небәрі 3-ақ жыл болды. Қазіргі күннің өзінде мұны бірі білсе, бірі біле бермейді. Сол себепті де дүниежүзілік радио күні туралы шағын ақпарат ұсынуды жөн көрдік. Осыдан 69 жыл бұрын дәл осы күні «БҰҰ Радиосы» эфирге шықты. Дүниежүзілік радио күні - жаңа мереке, ол алғаш рет 2012 жылы атап өтілді. Ал оны бекіту туралы шешімді ЮНЕСКО 2011 жылы қабылдады. Әуе толқындар арқылы хабарларды аса шалғайға сымсыз едісімен жеткізіп отырған радио бүгінгі күнде зор сұранысқа ие болып отыр.

Ең алғаш 1888 ж. орыс ғалымы Александр Сергеевич Попов электромагниттік толқындар арқылы алыс қашықтықтарға сигнал жеткізудің ғылыми болжамын ұсынады. Бұл проблеманың практикалық шешімін ол 1896 ж. тапқан. Сол жылы Ресейдің физика-химия қоғамының мәжілісінде А.С. Попов әлемде бірінші рет 250 метр қашықтыққа сымсыз радиogramма арқылы Генрих Герц деген екі сөзді жеткізеді.

Өзіміздің Қазақ радиосы – Қазақстан тұрғындарына, ТМД елдерінде және шет елдерде тұратын қазақ тыңдармандарына хабар тарататын радио желі. Қазақ радиосы хабарлары Астана мен Алматыдан берілетін

радио хабарынан және облыс орталықтары хабарынан тұрады. Хабарлар ұзың орта, қысқа және ультрақысқа толқындарда жұмыс істейтін радио станциялары арқылы таратылады. Қазақ радиосы қазақ, орыс, неміс, ұйғыр, Әзірбайжан, түрік, Корей, татар тілдерінде хабар береді. Республикалық радио хабары 1931 жылы 4 мамырында өлкелік «Еңбекші қазақ», «Советская степь» газеттерінің алғашқы нөмірлерінің мақалаларын берумен басталды. Ал Қостанай өңірінде ең танымал радиобайланыстарының бірі ретінде «КН» радиосы қызмет етуде. Аталмыш БАҚ-ң қызметі туралы радио қызметкерінің өз аузынан білсек.

Асем Мырхайдарова, КН радиосының тілші-жүргізушісі: «Бүгінгі қоғамдағы радионың орны бөлек. Радио хабар таратудың басты ерешелігі жеделдігі. Радио журналист оқиға ортасында жүріп, көрген-білгенін тікелей эфирге шығып баяндай алады. Төтенше жағдайлар болсын, спорт жарыстары болсын, радиотілші ақпаратын жеткізу мақсатында орталық студия арқылы байланысқа қосылып, тікелей эфирде жұмыс істейді. (мысалы: біздің радионаның тікелей эфирінде қыста мектеп оқушыларының сабағы болмайтындығы жайлы, немесе жол келік оқиғасына байланысты по-



лиция қызметіне көмек көрсету үшін таратылатын ақпараттар баяндалып, жергілікті «Тобыл» футбол клубының ойындары тартылады). Радиоарнамыздың «Ақпараттық қызметі» жергілікті халықты көбіне облыс көлемінде болып жатқан жаңалықтардан дер кезінде құлағдар етуге тырысады. Жаңалықтарды тыңдау үшін арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Тыңдармандар үй шаруасымен айналыса жүріп те, жұмыс уақытында да, тамақтанып отырып та, автокөлікте келе жатып та радионы еш кедергісіз тыңдап, ел мен өңірдегі басты жаңалықтардан хабардар болады.

Көп радиостанциялар музыкалы, ойын-сауықтық фор-

матта жұмыс істейді және ол заңды да. Радио көбіне жеңіл ақпаратпен көтеріңкі көңіл күй сыйлайды, сөйтіп, тыңдармандардың демалуға деген сұранысын қанағаттандырады. Біздің радиоарнадағы ойын-сауық бағдарламаларының орны ерекше. Осы мақсатта түрлі ойындар ойналады, жүлделер үшін сұраққа жауап беріледі, музыкалық жұмбақтар шешіледі, тыңдармандардың құттықтау, лебіз хаттары тікелей эфирде оқылып, күлдіргі әңгімелер айтылып, тікелей желіге хабарласқан тыңдармандар өміріндегі қызықты жайларын әңгімелейді. Сол сияқты түрлі музыкалық кештер мен концерттерден жазылып алынған хабарлар әуе толқынына да жолдама алады. Хабарлардың ендігі бір тобы әзіл-қалжыңға құрылады, түрлі әңгімелер мен актерлік көріністер сөз арқылы сомдалады.

Жарнама берушілер де өз клиенттерін радионың арқасында табады десек те қате емес. Бүгінде жұмысбасты азаматтар біраз уақытын жолда өткізеді. Радионы көбіне көлікте келе жатқан адамдар тыңдайтындығымен келісерсіздер. Міне, осы кісілер- жарнама берушінің әлеуетті клиенттері.

Жоғарыда айтылғанның бәрін қорытындылай келе, радио міндеттерінің сан қырлы екендігін байқауға болады. Бүгінгі радионың эстетикалық табиғаты да шексіз, шығармашылық мүмкіндіктері де мол».

Интеллектуалдық ойын өтті

2015 жылдың 23 ақпанында А.Байтұрсынұлы атындағы ҚМУ №2 ғимаратында жоғарғы оқу орнымыздың факультеттері арасында қазақ хандығының құрылғанына 550-жыл толуына арналған интеллектуалдық ойын өткізілді. Интеллектуалдық ойын А.Байтұрсынұлы атындағы ҚМУ қызметкерлері мен оқушыларының кәсіподақтық ұйымының қолдауымен экономикалық факультеттің «Спарта» интеллектуалдық клубы ұйымдастырды.

Ойында өз білімін келесі факультеттердің студенттері көрсетті: аграрлы-биологиялық, инженерлік-техникалық, тарих және құқық, ветеринарлық және мал шаруашылық технологиясы, экономикалық.

Ойынның ерекше қонағы Қостанай қалалық Жастар бастамасы орталығының интеллектуалдық клубының директоры Тамара Ивановна Давыденко болды.

Үш турдың нәтижесі бойынша экономикалық факультеттің «Империя» тобы жеңіске жетті, екінші орынды ветеринарлық және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің «Ақ орда» тобы иеленді. Үздік ойыншы атағын және киноға 2 билетті инженерлік-техникалық факультеттің студенті Медет Кудайбергенов иеленді. Сонымен қатар ойынның барлық ойыншылары мақтау қағаздарымен марапатталды.